

«БЕКІТЕМІН»
«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ»
КеАҚ басқарма төрағасы-ректор

А. М. Наметов
« 05 » 2023 ж.



«МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР» СТУДИЯСЫНЫҢ КОСТЮМЕРІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

СМЖ.07.ЛН.181

№ 00 басылым

№ ____ дана

Дайындаушы: 01.09.2023ж Г.С.Джолдыбаева 	Келісілді: 04.09.2023ж Сұлтанов А.Ұ. Таскалиев Е.К. Алмагамбетова М.Ж. Ихсанов Е.Б. 	Енгізілді: 06.09.2023ж. Алғашқы рет Қайта каралуы: 06.09.2026ж.
--	---	--

Мазмұны

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі және өкілеттігі
5. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Бағыты

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі» және «Білім туралы» заңына сәйкес дайындалды.

2. Қолдану саласы

Бұл нұсқаулық мәдениет және өнер студиясының сахналық киімдер күтушісіне арналған.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. Мәдениет және өнер студиясының костюмері міндетті

- 3.1.1. Студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға негізделген университеттің тәрбие, шығармашылық шараларын сахналық киімдермен және ұлттық аспаптармен қамтамасыз етуге;
- 3.1.2. Тәрбие бөлімімен біріге отырып, тәрбиелік шараларды жоспарлап, шығармашылық бағытта байқауларға арналған түрлі қажетті құралдармен реквизиттерді жасақтауға;
- 3.1.3. Өткізілетін шаралар бойынша материалмен, сахналық киімдермен және мамандармен қамтамасыз етілуін қадағалап, университет басқармасына және тәрбие бөліміне жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныс енгізуге;
- 3.1.4. Сахналық киімдермен ұлттық аспаптардың күтілуін қамтамасыз етуге;
- 3.1.5. Шығармашылық бағытта университеттің студенттік клубтарының сапасын қадағалап, олардың қалалық, облыстық және республикалық байқауларға қатысуы үшін қажетті сахналық киімдермен түрлі реквизиттермен қамтамасыз етуге;
- 3.1.6. ЖОО-ның әкімшілігінің бұйрықтары мен шешімдерін уақытында және сапалы орындауға;
- 3.1.8. Студенттерді жарыстар мен шараларды өткізу уақытында ЖОО-ның ішкі тәртіп ережесін сақтауын қадағалап бақылауға;
- 3.1.9. Студия жұмысында кеткен олқылықтар жөнінде Тәрбие жұмыстары жөніндегі проректорға дер кезінде мәлімет беруге;
- 3.1.10. Ішкі және сыртқы аудит қорытындысы бойынша байқалған қателіктерді дер кезінде түзетуді қамтамасыз етуге міндетті.

3.2. Бағыныштылығы

- 3.2.1. Мәдениет және өнер студиясының сахналық киімдер күтушісі басқарма төрағасы - ректордың бұйрығымен тағайындалады және босатылады;
- 3.2.2. Мәдениет және өнер студиясының сахналық киімдер күтушісі студиясының жетекшісіне бағынады.

3.3. Мәдениет және өнер студиясының костюмері білуі қажет

- 3.3.1. ҚР-ның жоғарғы оқу орындарының тәрбие жұмыстарының қызметін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, студенттік жастарға патриоттық, адамгершілік және рухани бағыттағы тәрбиені беретін республикалық, аймақтық және жергілікті басқару органдарының шешімдерін;
- 3.3.2. Ұйымдастыру жарлық құжаттарын және тәрбиелеу қызметіне негізделген басқа мемлекеттік органдардың нормативтік материалдарын;
- 3.3.3. Университеттің Жарғысын, ішкі тәртіп Ережесін және орындалатын жұмыс мәселелері жөніндегі университет ішіндегі нормативтік құжаттарын;

- 3.3.4. Өзінің лауазымдық нұсқаулығын;
- 3.3.5. Еңбек заңдарының негіздерін;
- 3.3.6. Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын білуі қажет.

3.4. Біліктілік талаптары

- 3.4.1. Жоғары немесе техникалық және кәсіптік білімі
- 3.4.2. Белсенді шығармашылық, спорттық, мәдени шаралар қызметін жүзеге асыруда және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда тәжірибесі болуы керек;
- 3.4.3. Сахналық киімдермен ұлттық аспаптардың күтілуін қамтамасыз етуі;
- 3.4.4. Кәсіби деңгейде мемлекеттік тілді білуі және дербес компьютерде жұмыс істей білуі;
- 3.4.5. Біліктілік деңгейін үздіксіз арттыруы қажет.

4. Жауапкершілігі және өкілеттілігі

4.1. Мәдениет және өнер студиясының костюмері жауапты болады

- 4.1.1. Өзінің лауазымдық нұсқаулығында көзделген лауазымдық міндеттерін (тиісінше орындамаған) орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңдарында анықталған заң шегінде;
- 4.1.2. Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзғандығы үшін ҚР-ның әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңдарында анықталған заң шегінде;
- 4.1.3. Материалдық залал келтіргені үшін ҚР-ның еңбек, қылмыстық және азаматтық заңдарында анықталған заң шегінде;

4.2. Мәдениет және өнер студиясының костюмері өкілетті

- 4.2.1. Студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру шаралары талқыланып, сахналық киімдермен ұлттық аспаптар қолданылатыны жөнінде хабарланатын ЖОО-ның барлық бөлімдерінің отырыстарына қатысуға;
- 4.2.2. Университет басшылығы шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысуға;
- 4.2.3. Өз жауапкершілігі аясының шеңберінде құжаттарға бұрыштама мен қол қоюға;
- 4.2.4. Өзінің өкілеттілігіне қажетті ақпарат пен құжаттарды қабылдау, құрылымдық бөлімшелердің жетекшілерімен әріптестік орнатуға өкілетті;

4.3. Мәдениет және өнер студиясының сахналық киімдер күтушісі құқылы

- 4.3.1. ЖОО-ның басшылығынан қажетті еңбек жағдайын қамтамасыз етуін және қызметтік міндеттерін орындау барысында көмектесуін талап етуге;
- 4.3.2. Кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға;
- 4.3.3. Институттарға және жастар бастамасын дамыту орталығына студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстарын жандандыру мақсатында ұсыныс жасауға;
- 4.3.4. Кәсіби жағынан өзінің абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- 4.3.5. Жылына 30 күнтізбелік күн көлеміндегі ақылы еңбек демалысын алуға;
- 4.3.6. Ұйымдық және әдістемелік қызметтегі жетістігі үшін материалдық және моральдық жағынан көтермелеуге;
- 4.3.7. Құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен өзара қарым-қатынасты жүзеге асыруға, өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті ақпараттар мен құжаттарды сұратуға **құқылы;**

5. Сілтемелер

1. ҚР «Білім туралы» Заңы 27.07.2007 ж. № 319;
2. ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы 11 шілде 1997 ж. № 151.;
3. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. № 410-V;
4. ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері;
5. «Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» Жарғысы;
6. Университеттің ішкі тәртіп ережесі СМЖ.05.ҚЕ.05;
7. ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар; Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары.